

## Жер қойнауын пайдалану түрлері бойынша модельдік келісімшарттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму  
министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 412 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015  
жылы 26 мамырда № 11167 тіркелді

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 12.06.2015 ж.;  
"Егемен Қазақстан" 18.06.2015 ж. № 113 (28591);  
"Казахстанская правда" от 18.06.2015 г. № 113 (27989)

---

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»  
Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы  
Заңының 61-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Мыналар:

1) барлауға арналған модельдік келісімшарт, осы  
бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) өндіруге арналған модельдік келісімшарт, осы  
бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) бірлесіп барлауға және өндіруге арналған  
модельдік келісімшарт, осы бұйрықтың 3-қосымшасына  
сәйкес;

4) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес  
жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға  
арналған модельдік келісімшарт, осы бұйрықтың 4-  
қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағының 1), 2) және 3)  
тармақшаларында көзделген жер қойнауын пайдалану  
түрлері бойынша модельдік келісімшарттар, көмірсутек  
шикізатын, уран мен көмірді қоспағанда, барлық пайдалы  
қазбалар түрлеріне қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму  
министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті  
(Т.С. Тоқтабаев):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың  
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет  
министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін  
күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді  
баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық  
жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі*  
*Исекешев*

*Ә.*

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
\_\_\_\_\_ А. Сәрінжіпов  
2015 жылғы 27 сәуір*

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова  
2015 жылғы сәуір*

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов  
2015 жылғы 23 сәуір*

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев  
2015 жылғы 6 мамыр*

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. ШКОЛЬНИК

2015 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 31 наурыз

№ 412 бұйрығына

1-қосымша

### Барлауға арналған модельдік келісімшарт

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын,  
Қазақстан Республикасының атынан құзыретті орган  
ретінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_

(мемлекеттік органның атауы)

және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (азаматтың аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы,  
бұдан әрі-жер қойнауын  
пайдаланушы)  
арасындағы

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жері  
көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ (учаске немесе блок)

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)  
барлауға арналған келісімшарт.  
Қазақстан Республикасының

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан  
жері көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ (жер қойнауы учаскесі)

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)  
барлауға арналған осы келісімшартына Тараптар

\_\_\_\_\_.  
(келісімшарт жасасуға негіз болатын конкурстық комиссия хаттамасына

немесе ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер хаттамасына)

сәйкес 20 \_\_\_\_ жылғы» \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ қол қойды.

Мазмұны

Кіріспе

1. Келісімшарттың мақсаты
2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
3. Келісімшарттық аумақ
4. Жұмыс бағдарламасы
5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы
6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы
7. Персоналды жалға алу, барлау жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу
8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу
9. Салық салу
10. Коммерциялық табу
11. Консервациялау, тарату және тарату қоры
12. Есепке алу және есептілік
13. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары
14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі
15. Құқықтар мен міндеттерді беру
16. Еңсерілмейтін күш
17. Құпиялылық
18. Қолданылатын құқық
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері
21. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары
22. Келісімшарт тілі
23. Қосымша ережелер

*Барлауға арналған келісімшартқа қосымшалар:*

*1-қосымша – Барлауға арналған Келісімшартқа Жұмыс*

## Кіріспе

Мынаны:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен оның ішіндегі пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болып табылатынын, Қазақстан Республикасы жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету шарттарымен

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

барлауды жүзеге асыруға ниет білдіретінін;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшартқа сәйкес \_\_\_\_\_ барлауды ұтымды әрі тиімді жүргізуге

(пайдалы қазбаның түрін көрсету)

ниеті және қаржылық, техникалық мүмкіндігі бар екенін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі құзыретті органға келісімшарт жасасуға және орындауға құқық бергенін;

4) Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт \_\_\_\_\_

барлау жұмыстарын жүргізуде

(пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейді деп уағдаласқанын назарға ала отырып,

құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласты:

### 1. Келісімшарттың мақсаты

1. Келісімшарт мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісімшарттық аумақта (пайдалы қазбаны көрсетіңіз) барлау бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарын айқындау болып табылады.

2. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) және келісімшарт шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы тау-кендік бөлу шегінде өндіруді жүргізуге, оның ішінде:

өз қалауы бойынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде егер келісімшартта не Заңда өзгеше көзделмесе,

минералдық шикізатты тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жүргізу кезінде өндірілген қызметінің нәтижелерін пайдалануға;

келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

Заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

## **2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

3. Барлауға арналған келісімшарт \_\_\_\_\_ (мерзім көрсетілсін) жасалды.

4. Келісімшарт құзыретті органда мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт тіркелген күннен бастап (не өзге мерзімді көрсетіңіз) барлауға кірісуге тиіс.

6. Кен орнын анықтаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы Заңның 65 және 69 баптарына сәйкес Келісімшарттың қолдану мерзімін, оны бағалау үшін қажетті кезеңге ұзартуға құқығы бар.

7. Табуды бағалау үшін келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келіп түскен күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

8. Келісімшарттың қолданылу мерзімі өзгерген кезде келісімшартқа тараптардың қосымша келісімімен ресімделетін тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, ұзарту мерзімі тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап есептеледі.

## **3. Келісімшарттық аумақ**

9. Жер қойнауын пайдаланушы барлауды келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын геологиялық бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінде жүргізеді.

10. Егер пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде табудың немесе кен орнының географиялық шекараларының (құрлықта немесе теңізде орналасуына қарамастан) геологиялық немесе тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінен шығатыны анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде, егер бұл аумақ жер қойнауын пайдаланудан бос болған жағдайда, келісімшарт жобасын келісу және оны жасасу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде конкурс өткізбей-ақ, көлемі бойынша келісімшарттық аумақтың елу пайызынан аспайтын тиісті геологиялық бөлуді немесе жаңа тау-кендік бөлуді беру, сондай-ақ келісімшарт пен жұмыс бағдарламасының шарттарын өзгерту арқылы шешуге тиіс.

11. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

12. Келісімшарттық аумақты қайтару, коммерциялық табу жүргізілген аумақты қоспағанда, мынадай кесте бойынша жүзеге асырылады:

келісімшарт қолданылуының екінші жылының соңына %  
келісімшарт қолданылуының үшінші жылының соңына %  
келісімшарт қолданылуының төртінші жылының соңына %

%  
келісімшарт қолданылуының бесінші жылының соңына %

%  
келісімшарт қолданылуының алтыншы жылының соңына %:

Келісімшарттық аумақтың бөлігін қайтару қайтарылатын келісімшарттық аумақ бөлігін тиісті геологиялық бөлуден алып тастаумен геологиялық бөлуді қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады.

13. Қайтарылатын учаскелер Қазақстан Республикасының учаскелерді қайтаруға қойылатын заңнамасы талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушы барлау салдарынан бүлінген қайтарылатын аумақтарды және өзге де табиғи объектілерді одан әрі

тікелей мақсатына пайдалануға жарамды қалыпқа дейін өз қаражаты есебінен қалпына келтіреді.

#### **4. Жұмыс бағдарламасы**

14. Барлауға арналған жұмыс бағдарламасы осы модельдік келісімшарттың қосымшасына сәйкес келісімшарттың міндетті бөлігі болып табылады және инвестициялық жобалық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін қамтиды.

Жұмыс бағдарламасы негізгі жобалау көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті іс-шараларды да жылдар бойынша бөліп және қажетті шығындарды көрсете отырып қамтуға тиіс.

15. Жұмыс бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобалау көрсеткіштерін қозғайтын жобалау құжаттары көрсеткіштерін өзгерткен кезде жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

#### **5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы**

16. Барлау бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдаланушы алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

17. Жабдыққа және өзге де мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына ауысуына қарамастан, келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ мұндай жабдықты және өзге де мүлікті құзыретті органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен сәттен бастап бір жыл ішінде не келісімшартта өзгеше белгіленген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыда мұндай жабдық пен өзге де мүлікті өз есебінен бөлшектеу не келісімшарттық аумақтан әкету міндеті сақталады.

Жабдықтың және өзге де мүліктің тиесілігіне қарамастан, мұндай жабдық пен өзге де мүлікті бөлшектеуді және келісімшарттық аумақтан әкетуді жер қойнауын пайдаланушы адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

18. Құзыретті орган келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда жер қойнауын пайдаланушы технологиялық процестің үздіксіз болуын және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін



құрылыстар мен жабдықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлік берілгенге дейінгі мерзімге ұлттық компанияның уақытша иеленуі мен пайдалануына беруге тиіс.

19. Геологиялық ақпарат, егер ол жер қойнауын пайдаланушының жеке қаражаты есебінен алынса, жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

Келісімшарт қолданысы тоқтатылғаннан кейін барлық геологиялық және жер қойнауы туралы өзге де ақпаратты жер қойнауын пайдаланушы өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының меншігіне береді.

## **6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы**

20. Қазақстан Республикасының көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегеріле отырып, жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде қолданатын, бағадан аспайтын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын сатып алуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы бар.

*Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.*

21. Жер қойнауын пайдаланушы мәмілелер жасау кезінде қолданатын пайдалы қазбалардың бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуы жөнінде мәміле жасалған күні әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар, көлік шығыстары және өткізуге арналған шығындар шегеріле отырып қолданылады.

Сатып алынатын пайдалы қазбалардың шекті көлемі тиісті жылы нақты өндірілген өнімнің жалпы көлемінен \_\_\_ % аспауға тиіс.

22. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқығы бар. Реквизициялау Қазақстан Республикасының мұқтажына қажет мөлшерде төтенше немесе соғыс жағдайының барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуі мүмкін.

**7. Персоналды жалға алу, барлау жүргізу кезінде  
тауарларды,  
жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

23. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылуы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір тиісті санат бойынша қызметкерлердің жалпы санының елу пайызынан кем болмауға тиіс менеджерлер мен мамандарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға басымдық беруге міндеттенеді. Бұл ретте, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын басшылар үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының санына арақатынасты сақтау бойынша талаптар қолданылмайды.

*Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

23-1. Қазақстандық кадрлардың саны жұмысқа тартылған кадрлардың жалпы санынан пайыздық қатынаста мердігерлік және субмердігерлік жұмыстарға тартылған персоналды қоса алғанда, басшылық құрам бойынша \_\_%, жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

жыл	Басшылық құрам	ЖБ және ОКБ бар мамандар	білікті жұмысшылар
1 жыл			
2 жыл			
...			
(бағалау жұмыстары кезінде)			

Осы тармақтың талаптары осы модельдік келісімшартты □-тармағына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылған, шетел азаматтары болып табылатын басшыларға, менеджерлер мен мамандарға

қатысты таралмайды.

*Ескерту. 7-тарау 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

24. Жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық персоналға тартылған шетелдік қызметкерлерге қатысты алғанда еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

25. Жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізу кезеңінде келісімшартты орындау кезінде жұмылдырылған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға (тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныста көзделген немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген немесе аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын сома көрсетілсін) \_\_\_\_\_ мөлшерінде жыл сайын қаржыландыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Қандай да болсын жыл қорытындылары бойынша осы тармақта көзделген талап етілген қаржыландыру көлемі артқан кезде көрсетілген асып түсу сомалары алдағы кезеңдердегі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша міндеттемелер есебіне жатқызылады және міндеттемелер есебіне есептелген кезеңнің шығыстары ретінде есепке алынады.

Осы тармақта көрсетілген міндетті орындау жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынған және құзыретті органмен келісілген тізбе бойынша тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажет тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алуға нақты жұмсаған шығыстары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға жанындағы өзінің оқу (оқыту)

орталықтарында кадрларды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру жөніндегі шығыстар болып табылады.

26. Барлау жүргізу кезінде тауарларды және жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде, егер осы жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, теміржол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қазақстандық өндірушілерді тартуға міндеттенеді.

Бұл ретте барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде келісімшарт бойынша жергілікті қамту мөлшері жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) қатынасы бойынша \_\_\_\_\_ пайызды құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

Жыл	Жұмыстар (көрсетілетін қызметтер)
1 жыл	
2 жыл	
...	
(бағалау жұмыстары кезінде)	

*Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу**

27. Келісімшарт қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға \_\_\_\_\_ мөлшерінде (тендерге қатысу үшін ұсынылған конкурстық ұсыныста немесе тікелей келіссөздер

хаттамасында көрсетілген, не аукцион өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын соманы көрсету) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген) бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес «Жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдар» 206114 бюджетті сыныптама кодына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның бюджетіне жыл сайынғы аударымдарды жүргізеді.

28. Жер қойнауын пайдаланушы Заңның 76 бабы 1 тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер көрсететін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызы мөлшерінде жыл сайын жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің көлемі асыра орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы асыра орындалған міндеттемелердің көлемдерін келесі есепті кезеңдерге түзетуді (есепке жатқызуды) жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қазақстандық өндірушілері болмаған жағдайда, шетелдік өндірушілер көрсететін осы жұмыстарды қаржыландыру құзыретті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындау жер қойнауын пайдаланушының, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметпен байланысты, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметпен байланысты емес, қосылған құны жоғары өнімді (қайта жасалуы жоғары) алуға бағытталған жұмыстарға, экология, еңбекті қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету, өндірістік қызмет шеңберінде (технологиялық цикл) энергия үнемдеу саласындағы зерттеулерге жұмсаған нақты шығыстар және «Ғылым

туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қаржыландыруға арналған шығыстар болып табылады.

Осы тармақтың ережелері келісімшарттардың мынадай:

кеңінен таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

жерасты суларын барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

емдік балшықтарды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған түрлеріне қолданылмайды.

*Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 9. Салық салу

29. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

30. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін).

31. Келісімшартты жасасу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонустың белгіленген сомасының елу пайызын 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ төлем тапсырмасы бойынша төледі.

32. Қол қойылатын бонустың мөлшердегі қалған \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін) елу пайызын жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының салық

заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлейді.

## 10. Коммерциялық табу

33. Жер қойнауын пайдаланушы кен орнын тапқан жағдайда құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына отыз жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс.

34. Құзыретті орган хабарламаны алғаннан кейінгі бір ай мерзімде, ал облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы хабарламаны алғаннан кейінгі жұмыстық он бес күнішінде бағалау жұмыстары кезегіне өтуге рұқсат береді. Бағалау жұмыстар кезегіне өту барысында келісімшарттың жұмыс бағдарламасына міндетті түрде өзгеріс енгізіледі.

35. Табуды растау мен оны бағалау мерзімін құзыретті орган жер қойнауын зерттеу мен пайдалану бойынша құзыретті органның тұжырымдамасы бойынша белгілейді. Коммерциялық табуды жер қойнауын пайдаланушы хабарлайды.

36. Жер қойнауын пайдаланушы бағалау жұмыстары кезегіне өту кезінде Заңға сәйкес, бағалау жұмыстарының жобасын әзірлейді. Бағалау жұмыстарында тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы қосылуы мүмкін.

37. Коммерциялық табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының конкурс жүргізбестен тікелей келіссөздер негізінде өндіруге келісімшарт жасасуға ерекше құқығы болады.

## 11. Консервациялау, тарату және тарату қоры

38. Барлау жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушы жобалаушы құжаттарға және жұмыс бағдарламасына сәйкес бұдан кейінгі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда қолданылатын жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктарды, панельдерді, қазбаларды) қоспағанда, барлау жөніндегі жұмыстар жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуды немесе консервациялауды жүзеге асырады.

39. Жер қойнауын пайдалану объектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылады немесе консервацияланады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт бойынша өз



операциялары салдарын жою үшін тарату қорын құрады.

Барлау кезеңінде тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын тиісті жылға жұмыс бағдарламасында көзделген геологиялық барлау жұмыстарына жыл сайынғы шығындардың бір пайызынан кем емес мөлшерде Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген банктегі депозиттік шотқа жүргізеді.

40. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату жұмыстарын қосымша қаржыландыруды жүзеге асырады.

41. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, ақшалай қаражаттың артығы жер қойнауын пайдаланушыға беріледі.

42. Жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда тарату қоры жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беріледі.

43. Құзыретті орган келісімшартты біржақты тәртіппен тоқтатқан жағдайда тарату қоры Заңның 72-бабының 10-тармағымен анықталатын сенімгерлік басқарушыға беріледі.

## **12. Есепке алу және есептілік**

44. Жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және құзыретті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде келісімшартта және жұмыс бағдарламасында көзделген міндеттемелердің орындалғаны туралы есептілікті ұсынуға тиіс.

45. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз енуді қамтамасыз етуге және олар анықтаған бұзушылықтарды уақытылы жоюға міндеттенеді.

46. Келісімшарт аумағындағы қызмет нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға геологиялық есептілікті беруге міндетті.

## **13. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары**



47. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға, оның ішінде экологиялық талаптарды, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану талаптарын сақтауға тиіс.

48. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға келісімшарт аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға кедергі келтірмеуге, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға міндеттенеді.

49. Барлауды жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

50. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалардың қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум шарттарын сақтауға міндеттенеді.

51. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне жобалау құжаттарына және жұмыс бағдарламасына сәйкес келісімшарт бойынша өз қызметін қаржыландыру жөнінде міндеттеме алады.

#### **14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі**

52. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне қабылдаған төмендегі міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі ретінде жауапкершілікте болады:

1) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасынан 1 % мөлшерінде;

2) кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін 2000 республикалық бюджет туралы заңға сәйкес және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде (АЕК);

3) осы келісімшарттың 7 және 8-бөлімдерде көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының бір пайызы мөлшерінде;

Бұл ретте, егер нарықта әрекет етуші құндардың өзгеруінен және басқа да жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелсіз жағдайлардың себебінен жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстары келісімшартты жасау, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларын бекіту кезінде ескерілгеннен кем болып шықса, бірақ бұл ретте келісімшартта, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушы міндеттерінің физикалық көлемі толық көлемде орындалса, жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстарының осылай азаюы келісімшарт шарттарын бұзу және келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

*Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

53. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иеленудің тәртібі бұзыла отырып сатып алынған жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иелену жөніндегі шығыстар құзыретті орган келісімшарттық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының орындауы ретінде есепке алатын шығыстарынан алып тасталады.

*Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

54. Осы тараудың 53-тармағының мақсаттары үшін жергілікті қамту үлесі келісімшарттың 7-тарауы 26-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу тәртібіне осы келісімшартта және Заңда белгіленген талаптарды бұза отырып, жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүзеге асырған жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құны

ескеріледі. Бұл ретте көрсетілген көлемнен жергілікті қамтудың сатып алынған нақты жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) құны шегеріледі.

*Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 15. Құқықтар мен міндеттерді беру

55. Жер қойнауын пайдаланушы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқа адамдарға келісімшарт бойынша құқықтарды немесе олардың бөлігін беруге құқылы.

56. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғады және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

## 16. Еңсерілмейтін күш

57. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

58. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдаяттар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, табиғи зілзалалар (өрт және т.с.). Келтірілген тізбе бәрін толық қамтыған болып табылмайды.

59. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші тарап бұл туралы кездейсоқ оқиға мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын анықтаған жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу жолымен екінші тарапқа дереу хабарлайды.

60. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту мәліметі үшін барлық құралдарды пайдаланады.

61. Еңсерілмес күш мән-жайларынан туындаған

келісімшарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде тараптар келісімшарт мерзімін еңсерілмес күш мән-жайларының қолданысы кезеңіне ұзартады.

## 17. Құпиялылық

62. Келісімшартты орындау процесінде тараптар алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға жатады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есеп берулер құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

63. Геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ құпиялылық туралы келісіммен рәсімделетін Заңның 11-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте беріледі.

64. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға мынадай:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылса;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлғаға мұндай үшінші тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны тараптар белгілеген мақсаттарға және белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда беруге құқығы жоқ.

65. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, келісімшарттық аумақта барлау жүргізуге байланысты және геологиялық ақпараттарды қамтитын барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

66. Жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) сатып алуды жоспарлауы және өткізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға шығындар және өңірді

әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

*Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **18. Қолданылатын құқық**

67. Қазақстан Республикасының құқығы осы келісімшартқа қолданылатын құқық болып табылады.

68. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

## **19. Дауларды шешу тәртібі**

69. Келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

70. Егер келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай мерзімде шешілмейтін болса, онда тараптар осы дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.

## **20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері**

71. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтары қорғалатынына кепілдік беріледі.

72. Келісімшарт талаптарын өзгертуге және толықтыруға тараптардың келісімімен жол беріледі. Тараптардың бірінің талап етуі бойынша келісімшарт талаптарын өзгертуге Заңда және осы келісімшартта тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

## **21. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары**

73. Егер Заңның 69-бабына сәйкес тараптар келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы келісімге қол жеткізбесе, келісімшарт қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

74. Келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға талаптардың келісімі бойынша жол беріледі. Келісімшарт сондай-ақ келісімшарттың 3-бөліміне сәйкес барлық келісімшарт аумағы қайтарылған жағдайда өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.

75. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде;

2) Заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес мұндай рұқсат ету талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, құзыретті органның рұқсатынсыз Заңның 36-бабының 1 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді берген кезде;

3) Заңның 76-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген мәліметтерді беруден бас тартқан не анық емес мәліметтер берген кезде;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелер қатарынан екі жыл бойы отыз пайыздан кем орындалған кезде келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

76. Заңның 71-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда құзыретті орган бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, егер:

1) құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге өз келісімін жазбаша түрде растамаса не оларды жүргізуден бас тартса;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге келісімі алынған күннен бастап

төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөніндегі келісімге келмесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

77. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне (кен орындарына) қатысты барлау жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге әкеп соғатын болса, Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган келісімшарттың, оның ішінде бұрын жасалған келісімшарттың қолданысын бір жақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Келісімшарттың қолданылуы аталған негіз бойынша біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган ол жөнінде жер қойнауын пайдаланушыны кемінде екі ай бұрын ескертуге тиіс.

## 22. Келісімшарт тілі

78. Келісімшарттың мәтіні тараптардың әрқайсысы үшін \_\_\_\_\_ данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және барлық даналары бірдей болады.

Келісімшарт тараптарының келісуіне сәйкес, келісімшарт мәтіні өзге тіліне аударылуы мүмкін.

79. Мәтіннің нұсқалары арасында келісімшарттың мағынасы мен талдануын анықтау барысындағы келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_ (қазақ немесе орыс тілі көрсетілсін) нұсқасы басым күшке ие болады.

80. Тараптар мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерін қатынас тілдері ретінде қолданылатындығына уағдаласады.

81. Келісімшарт күшіне енген күннен бастап барлау жүргізуге қатысты техникалық құжаттамалар және ақпараттар

---

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазба түрі көрсетілсін) қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалатын болады.



## 23. Қосымша ережелер

82. Осы келісімшартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық хабарламалар мен құжаттар оларды алу фактісі бойынша осы келісімшарт бойынша тараптардың әрқайсысына тиісті түрде ұсынылған және жеткізілген деп есептеледі.

83. Хабарламалар мен құжаттар тікелей тараптардың қолына тапсырылады немесе пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс бойынша жіберіледі.

84. Осы келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа 7 күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.

85. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың және келісімшарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да бір айырмашылық болған кезде, келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

86. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар құзыретті органында міндетті тіркеуге жатады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар олардың тіркелген сәтінен бастап күшіне енген деп танылады.

87. Осы келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Заңда айқындалған мағынаға ие.

88. Осы келісімшартты \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_ (күн) \_\_\_\_\_ (ай) (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

89. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Барлауға арналған  
моделдік келісімшартқа  
1 қосымша

### Барлауға арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР  
Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 №  
109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап  
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.*

	Жұмыс түрлері		1-ші жыл	2-ші жыл
--	---------------	--	----------	----------



		Өлшем бірлігі	Физ. көлем	Құны теңгемен	Физ. көлем	Құны теңгемен
1.	Іздестіру маршруттары	км				
2.	Геологиялық түсіру жұмыстары	км2				
3.	Топографиялық жұмыстар	км2				
4.	Литогеохимиялық жұмыстар					
5.	Тау- кен жұмыстары					
6.	Сейсмо барлау (2 D және/немесе 3 D)	қума км				
7.	Гравибарлау және геофизикалық зерттеулердің басқа да түрлері	км2				
8.	Бұрғылау жұмыстары	ұңғымалар саны, қума км				
9.	Объектілерді сынағалау және сынақтан өткізу	объектілер саны				
10.	Гидрогеологиялық жұмыстар					
11.	Геологиялық барлау жұмыстарының басқа түрлері					
12.	Геологиялық барлау жұмыстарының барлығы					
13.	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдарының дамуы	мың теңге				
14.	Тарату қорына жіберілетін аударымдар	мың теңге				
15.	ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін	мың теңге				

	жоғарылату, қайта даярлау					
16.	Инвестициялар, барлығы	мың теңге				

Барлауға арналған келісімшарттың қолданылу мерзімі кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мерзімдерде келісімшарт аумағында мынадай жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 31 наурыз  
№ 412 бұйрығына  
2-қосымша

### Өндіруге арналған модельдік келісімшарт

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын,  
Қазақстан Республикасының атынан құзыретті орган  
ретінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)  
және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (азаматтың аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы, бұдан \_\_\_\_\_ әрі-жер қойнауын пайдаланушы) арасындағы

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жері көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ (кен орны)

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін) өндіруге арналған келісімшарт.  
Қазақстан Республикасының

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан

жері көрсетілсін)

(жер қойнауы учаскесі)

(пайдалы қазбаның түрі  
көрсетілсін)

өндіруге арналған осы келісімшартына Тараптар

(келісімшарт жасасуға негіз болатын  
конкурстық комиссия

хаттамасына немесе ұлттық компаниямен тікелей  
келіссөздер

хаттамасына)

сәйкес 20 \_\_\_\_ жылғы» \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ қол қойды.

Мазмұны

Кіріспе

1. Келісімшарттың мақсаты
2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
3. Келісімшарттық аумақ
4. Жұмыс бағдарламасы
5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы
6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы
7. Персоналды жалға алу, өндіру жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу
8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу
9. Салық салу
10. Консервациялау, тарату және тарату қоры
11. Есепке алу және есептілік
12. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары
13. Ілеспе міндетемелер
14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі
15. Құқықтар мен міндеттерді беру
16. Еңсерілмейтін күш
17. Құпиялылық
18. Қолданылатын құқық
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының

кепілдіктері

21. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары
22. Келісімшарт тілі
23. Қосымша ережелер

*Өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:*

*1-қосымша - Өндіруге арналған Келісімшартқа Жұмыс бағдарламасы*

*2-қосымша - Тау-кендік бөлу*

## **Кіріспе**

Мынаны:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен оның ішіндегі пайдалы қазбалар Қазақстан Республикасының меншігінде болып табылатынын, Қазақстан Республикасы жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету шарттарымен \_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

өндіруді жүзеге асыруға ниет білдіретінін;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшартқа сәйкес \_\_\_\_\_ өндіруді ұтымды әрі тиімді жүргізуге

(пайдалы қазбаның түрін көрсету)

ниеті және қаржылық, техникалық мүмкіндігі бар екенін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі құзыретті органға келісімшарт жасасуға және орындауға құқық бергенін;

4) Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт \_\_\_\_\_

өндіру жұмыстарын жүргізуде

(пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейді деп уағдаласқанын назарға ала отырып,

құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1. Келісімшарттың мақсаты**

1. Келісімшарттың мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісімшарттық аумақта (пайдалы қазбаны көрсетіңіз) өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарын айқындау болып табылады.

2. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) және келісімшарт шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы тау-кендік бөлу шегінде өндіруді жүргізуге, оның ішінде:

өз қалауы бойынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде егер келісімшартта не Заңда өзгеше көзделмесе, өндірілген минералдық шикізатты пайдалануға;

келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

Заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

3. Осы келісімшартпен жер қойнауын пайдаланушыға (пайдалы қазбаны көрсетіңіз), сондай-ақ көрсетілген пайдалы қазбаны (қазбаларды) өндіру кезінде минералдық шикізат құрамындағы ілеспе пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыру құқығы беріледі.

## **2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

4. Өндіруге арналған келісімшарт \_\_\_\_\_ (Заңның 69-бабы 2-тармағына сәйкес мерзімі көрсетілсін).

5. Келісімшарт құзыретті органда мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

6. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт күшіне енген күннен бастап (не өзге мерзімді көрсетіңіз) өндіруге кірісуге тиіс.

Егер жер қойнауын пайдаланушы жұмыстардың аяқталуына дейін алты айдан кешіктірмей құзыретті органға келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен мұндай ұзартудың себептерін негіздей отырып жүгінсе, жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемелер бойынша жойылмаған бұзушылықтары болмаған жағдайда құзыретті орган өндіруге арналған келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартады.

7. Келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту

туралы өтініш құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс

8. Келісімшарттың қолданылу мерзімі өзгерген кезде келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, ұзарту мерзімі тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап есептеледі.

### **3. Келісімшарттық аумақ**

9. Жер қойнауын пайдаланушы өндіруді келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінде жүргізеді.

10. Егер пайдалы қазбаларды өндіруді жүргізу кезінде табудың немесе кен орнының географиялық шекараларының (құрлықта немесе теңізде орналасуына қарамастан) тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінен шығатыны анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруді жүргізу кезінде, егер бұл аумақ жер қойнауын пайдаланудан бос болған жағдайда, келісімшарт жобасын келісу және оны жасасу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде конкурс өткізбей-ақ, көлемі бойынша келісімшарттық аумақтың елу пайызынан аспайтын тиісті немесе жаңа тау-кендік бөлуді беру, сондай-ақ келісімшарт пен жұмыс бағдарламасының шарттарын өзгерту арқылы шешуге тиіс.

11. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

12. Қайтарылатын учаскелер учаскелерді қайтаруға қойылатын Заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру салдарынан бүлінген қайтарылатын аумақтарды және өзге де табиғи объектілерді одан әрі тікелей мақсатына пайдалануға жарамды қалыпқа дейін өз қаражаты есебінен қалпына келтіреді.

13. Қорлардың өсімі болған және олар жер қойнауына мемлекеттік сараптамамен расталған жағдайда келісімшартқа тараптардың жазбаша келісімімен Заңмен

Белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

#### 4. Жұмыс бағдарламасы

14. Өндіруге арналған жұмыс бағдарламасы осы модельдік келісімшартқа қосымшаға сәйкес келісімшарттың міндетті бөлігі болып табылады және инвестициялық жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қажетті жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін қамтиды.

Жұмыс бағдарламасы негізгі жобалау көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті іс-шараларды жылдар бойынша бөліп және қажетті шығындарды көрсете отырып қамтуға тиіс.

Жер асты суларын, емдік балшықты, кең таралған пайдалы қазбаларды, қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы жобалық құжаттар негізінде жасалады.

*Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

15. Жұмыс бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобалау көрсеткіштерін қозғайтын жобалау құжаттары көрсеткіштерін өзгерткен кезде жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

16. Егер бекітілген жобаларда айқындалған өндіру көлемдері бекітілген жобалау көрсеткіштерінен нақты мәнде жиырма пайыздан аз өзгерсе, қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бойынша бекітілген жобаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобалары жасалмайды.

*Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

#### 5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы

17. Өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдаланушы алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

18. Жабдыққа және өзге де мүлікке меншік

құқығының Қазақстан Республикасына ауысуына қарамастан, келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ мұндай жабдықты және өзге де мүлікті құзыретті органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен кезден бастап бір жыл ішінде не келісімшартта өзгеше белгіленген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыда мұндай жабдық пен өзге де мүлікті өз есебінен демонтаждау не келісімшарттық аумақтан әкету міндеті сақталады.

Жабдықтың және өзге де мүліктің тиесілігіне қарамастан, мұндай жабдық пен өзге де мүлікті демонтаждауды және келісімшарттық аумақтан әкетуді жер қойнауын пайдаланушы адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

19. Құзыретті орган келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда жер қойнауын пайдаланушы технологиялық процестің үздіксіз болуын және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылыстар мен жабдықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлік берілгенге дейінгі мерзімге ұлттық компанияның уақытша иеленуі мен пайдалануына беруге тиіс.

20. Геологиялық ақпарат, егер ол жер қойнауын пайдаланушының жеке қаражаты есебінен алынса, жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

Келісімшарт қолданысы тоқтатылғаннан кейін барлық геологиялық және жер қойнауы туралы өзге де ақпаратты жер қойнауын пайдаланушы өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының меншігіне береді.

## **6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы**

21. Қазақстан Республикасының көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегеріле отырып, жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде қолданатын, мәмілені жасасу күніне қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын сатып алуға басқа тұлғалар алдында артықшылықты құқығы бар.

22. Жер қойнауын пайдаланушы мәмілелер жасау кезінде қолданатын пайдалы қазбалардың бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуы жөнінде мәміле жасалған



күні әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар, көлік шығыстары және өткізуге арналған шығындар шегеріле отырып қолданылады.

Сатып алынатын пайдалы қазбалардың шекті көлемі тиісті жылы нақты өндірілген өнімнің жалпы көлемінен \_\_\_ % аспауға тиіс.

23. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, Үкіметтің жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқығы бар. Реквизициялау. Қазақстан Республикасының мұқтажына қажет мөлшерде төтенше немесе соғыс жағдайының барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуі мүмкін.

## **7. Персоналды жалға алу, өндіру жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

24. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылуы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір тиісті санат бойынша қызметкерлердің жалпы санының елу пайызынан кем болмауға тиіс менеджерлер мен мамандарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға басымдық беруге міндеттенеді. Бұл ретте, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын басшылар үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының санына арақатынасты сақтау бойынша талаптар қолданылмайды.

*Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

24-1. Қазақстандық кадрлардың саны жұмысқа тартылған кадрлардың жалпы санынан пайыздық қатынаста мердігерлік және субмердігерлік жұмыстарға тартылған персоналдарды қоса алғанда, басшылық құрам бойынша \_\_%, жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

ЖЫЛ	Басшылық құрам	ЖБ және ОКБ бар мамандар	білікті жұмысшылар
1 ЖЫЛ			
2 ЖЫЛ			
...			
(бағалау жұмыстары кезінде)			

Осы тармақтың талаптары осы модельдік келісімшарттың 24-тармағына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылған, шетел азаматтары болып табылатын басшыларға, менеджерлер мен мамандарға қатысты таралмайды.

*Ескерту. 7-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.*

25. Жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық персоналға тартылған шетелдік қызметкерлерге қатысты алғанда еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

26. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру жүргізу кезеңінде келісімшартты орындау кезінде жұмылдырылған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды немесе құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға (тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныста көзделген немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген немесе аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын сома көрсетілсін) \_\_\_\_\_ мөлшерінде жыл сайын қаржыландыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Қандай да болсын жыл қорытындылары бойынша осы тармақта көзделген талап етілген қаржыландыру көлемі артқан кезде көрсетілген асып түсу сомалары алдағы кезеңдердегі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша міндеттемелер есебіне жатқызылады және міндеттемелер есебіне есептелген кезеңнің шығыстары ретінде есепке

алынады.

Осы тармақта көрсетілген міндетті орындау жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынған және құзыретті органмен келісілген тізбе бойынша тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажет тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алуға нақты жұмсаған шығыстары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға жанындағы өзінің оқу (оқыту) орталықтарында кадрларды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру жөніндегі шығыстар болып табылады.

27. Өндіруді жүзеге асыру кезінде тауарларды және жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде, егер осы жұмыстар (көрсетілген қызметтер) Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, теміржол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қазақстандық өндірушілерді тартуға міндеттенеді.

Бұл ретте, өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде келісімшарт бойынша жергілікті қамту мөлшері жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) қатынасы бойынша \_\_\_\_\_ пайызды құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

Жыл	Жұмыстар (көрсетілетін қызметтер)
1 жыл	
2 жыл	
...	
(бағалау жұмыстары кезінде)	

*Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР  
Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 №  
109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап  
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.*

## **8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу**

28. Келісімшарт қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға \_\_\_\_\_ мөлшерінде (тендерге қатысу үшін ұсынылған конкурстық ұсыныста немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген, не аукцион өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын соманы көрсету) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген) бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес «Жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдар» 206114 бюджетті сыныптама кодына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның бюджетіне жыл сайынғы аударымдарды жүргізеді.

29. Жер қойнауын пайдаланушы Заңның 76 бабы 1 тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер көрсететін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызы мөлшерінде жыл сайын жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің көлемі асыра орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы асыра орындалған міндеттемелердің көлемдерін келесі есепті кезеңдерге түзетуді (есепке жатқызуды) жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қазақстандық өндірушілері болмаған жағдайда, шетелдік өндірушілер көрсететін осы жұмыстарды қаржыландыру құзыретті

органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындау жер қойнауын пайдаланушының, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметпен байланысты, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберіндегі қызметпен байланысты емес, қосылған құны жоғары өнімді (қайта жасалуы жоғары) алуға бағытталған жұмыстарға, экология, еңбекті қорғау, жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету, өндірістік қызмет шеңберінде (технологиялық цикл) энергия үнемдеу саласындағы зерттеулерге жұмсаған нақты шығыстар және «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жүзеге асыратын ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін қаржыландыруға арналған шығыстар болып табылады.

Осы тармақтың ережелері келісімшарттардың мынадай:

кеңінен таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

жерасты суларын барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

емдік балшықтарды барлауға және (немесе) өндіруге арналған;

барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған түрлеріне қолданылмайды.

*Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 9. Салық салу

30. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған сәтке қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт

шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

31. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін).

32. Келісімшартты жасасу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонустың белгіленген сомасының елу пайызын 20 жылғы «\_\_\_» №\_\_\_ төлем тапсырмасы бойынша төледі.

33. Қол қойылатын бонустың мөлшердегі қалған \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін) елу пайызын жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлейді.

## **10. Консервациялау, тарату және тарату қоры**

34. Өндіру жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушы жобалаушы құжаттарға және жұмыс бағдарламасына сәйкес бұдан кейінгі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда қолданылатын жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктарды, панельдерді, қазбаларды) қоспағанда, өндіру жөніндегі жұмыстар жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуды немесе консервациялауды жүзеге асырады.

35. Жер қойнауын пайдалану объектілері Заңда белгіленген тәртіппен таратылады немесе консервацияланады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт бойынша өз операциялары салдарын жою үшін тарату қорын құрады.

Өндіру кезеңінде тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын тиісті жылға жұмыс бағдарламасында көзделген өндіруге жыл сайынғы шығындардың бір пайызынан кем емес мөлшерде Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген банктегі депозиттік шотқа жүргізеді.

36. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы тарату жұмыстарын қосымша қаржыландыруды жүзеге асырады.

37. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, ақшалай қаражаттың артығы жер қойнауын пайдаланушыға беріледі және салық салынатын табысқа енгізіледі.

38. Жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда тарату қоры жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беріледі.

39. Құзыретті орган келісімшартты біржақты тәртіппен тоқтатқан жағдайда тарату қоры Заңның 72-бабының 10-тармағымен анықталатын сенімгерлік басқарушыға беріледі.

## **11. Есепке алу және есептілік**

40. Жер қойнауын пайдаланушы өндіру жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және құзыретті органға Заңда көзделген тәртіппен және мерзімдерде келісімшартта және жұмыс бағдарламасында көзделген міндеттемелердің орындалғаны туралы есептілікті ұсынуға тиіс.

41. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз енуді қамтамасыз етуге және олар анықтаған бұзушылықтарды уақытылы жоюға міндеттенеді.

42. Келісімшарт аумағындағы қызмет нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға геологиялық есептілікті беруге міндетті.

## **12. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары**

43. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа және Заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға, оның ішінде экологиялық талаптарды, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану талаптарын сақтауға тиіс.

44. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға келісімшарт аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға кедергі келтірмеуге, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге



кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға міндеттенеді.

45. Өндіруді жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

46. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалардың қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум шарттарын сақтауға міндеттенеді.

47. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне жобалау құжаттарына және жұмыс бағдарламасына сәйкес келісімшарт бойынша өз қызметін қаржыландыру жөнінде міндеттеме алады.

### **13. Ілеспе міндеттемелер**

48. Индустриялық-инновациялық қызметтің субъектісі болып табылатын жер қойнауын пайдаланушы өндіру бойынша операцияларды жүргізу кезінде мынадай технологияларды қолдануға міндеттенеді (технологиялық бағдарламаға сәйкес технологиялар туралы ақпаратты көрсетіңіз).

49. Келісімшарт жоғары технологияларды, жаңа және қайта өңдеуші өндірістерді, дамыту және пайдалану, конкурс немесе тікелей келіссөздер қорытындылары бойынша қабылданған инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін (олар болған кезде) қарастыруы мүмкін.

### **14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі**

50. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне қабылдаған төмендегі міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі ретінде жауапкершілікте болады:

1) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасынан 1 % мөлшерінде;

2) кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін 2000 республикалық



бюджет туралы заңға сәйкес және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (АЕК);

3) осы келісімшарттың 7 және 8-тармақтарда көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының бір пайыз мөлшерінде;

Бұл ретте, егер нарықта әрекет етуші құндардың өзгеруінен және басқа да жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелсіз жағдайлардың себебінен жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстары келісімшартты жасау, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларын бекіту кезінде ескерілгеннен кем болып шықса, бірақ бұл ретте келісімшартта, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушы міндеттерінің физикалық көлемі толық көлемде орындалса, жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстарының осылай азаюы келісімшарт шарттарын бұзу және айып салуға негіз болып табылмайды.

*Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

51. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иеленудің тәртібі бұзыла отырып сатып алынған жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иелену жөніндегі шығыстар құзыретті орган келісімшарттық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының орындауы ретінде есепке алатын шығыстарынан алып тасталады.

*Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

52. Осы тараудың 51-тармағының мақсаттары үшін жергілікті қамту үлесі келісімшарттың 7-тарауы 27-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу тәртібіне осы келісімшартта және Заңда белгіленген талаптарды бұза отырып, жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүзеге

асырған жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құны ескеріледі. Бұл ретте, көрсетілген көлемнен жергілікті қамтудың сатып алынған нақты жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) құны шегеріледі.

*Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 15. Құқықтар мен міндеттерді беру

53. Жер қойнауын пайдаланушы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқа адамдарға келісімшарт бойынша құқықтарды немесе олардың бөлігін беруге құқылы.

54. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғады және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

## 16. Еңсерілмейтін күш

55. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

56. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдаяттар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, табиғи зілзалалар (өрт және т.с.). Келтірілген тізбе бәрін толық қамтыған болып табылмайды.

57. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші тарап бұл туралы кездейсоқ оқиға мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын анықтаған жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу жолымен екінші тарапқа дереу хабарлайды.

58. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту мәліметі үшін барлық құралдарды пайдаланады.

59. Еңсерілмес күш мән-жайларынан туындаған келісімшарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде тараптар келісімшарт мерзімін еңсерілмес күш мән-жайларының қолданысы кезеңіне ұзартады.

## 17. Құпиялылық

60. Келісімшартты орындау процесінде тараптар алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға жатады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есеп берулер құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

61. Геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ құпиялылық туралы келісіммен рәсімделетін Заңның 11-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте беріледі.

62. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға мынадай:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылса;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлғаға мұндай үшінші тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны тараптар белгілеген мақсаттарға және белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда беруге құқығы жоқ.

63. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, келісімшарттық аумақта өндіру жүргізуге байланысты және геологиялық ақпараттарды қамтитын барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

64. Жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) сатып алуды жоспарлауы және өткізуі, сондай-ақ

қазақстандық мамандарды оқытуға шығындар және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

*Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **18. Қолданылатын құқық**

65. Қазақстан Республикасының құқығы осы келісімшартқа қолданылатын құқық болып табылады.

66. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

## **19. Дауларды шешу тәртібі**

67. Келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

68. Егер келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай мерзімде шешілмейтін болса, онда тараптар дауларды Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шешуге құқылы.

## **20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері**

69. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтары қорғалатынына кепілдік беріледі.

70. Келісімшарт талаптарын өзгертуге және толықтыруға тараптардың келісімен жол беріледі. Тараптардың бірінің талап етуі бойынша келісімшарт талаптарын өзгертуге Заңда және осы келісімшартта тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

## **21. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары**

71. Егер Заңның 69-бабына сәйкес тараптар келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы

келісімге қол жеткізбесе, келісімшарт қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

72. Келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға тараптардың келісімі бойынша жол беріледі. Келісімшарт сондай-ақ келісімшарттың 3-бөліміне сәйкес барлық келісімшарт аумағы қайтарылған жағдайда өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.

73. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде;

2) Заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес мұндай рұқсат ету талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, құзыретті органның рұқсатынсыз Заңның 36-бабының 1 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді берген кезде;

3) Заңның 76-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген мәліметтерді беруден бас тартқан не анық емес мәліметтер берген кезде;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелер қатарынан екі жыл бойы отыз пайыздан кем орындалған кезде келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

74. Заңның 71-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда құзыретті орган бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, егер:

1) құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге өз келісімін жазбаша түрде растамаса не оларды жүргізуден бас тартса;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт

талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге келісімі алынған күннен бастап төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөніндегі келісімге келмесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

75. Егер стратегиялық маңызы бар кен орындарына қатысты өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге әкеп соғатын болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган келісімшарттың, оның ішінде бұрын жасалған келісімшарттың қолданысын бір жақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Келісімшарттың қолданылуы аталған негіз бойынша біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган ол жөнінде жер қойнауын пайдаланушыны кемінде екі ай бұрын ескертуге тиіс.

## 22. Келісімшарт тілі

76. Келісімшарттың мәтіні тараптардың әрқайсысы үшін \_\_\_\_\_ данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және барлық даналары бірдей болады.

Келісімшарт тараптарының келісуіне сәйкес, келісімшарт мәтіні өзге аударылуы мүмкін.

77. Мәтіннің нұсқалары арасында келісімшарттың мағынасы мен талдануын анықтау барысындағы келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_ (қазақ немесе орыс тілі көрсетілсін) нұсқасы басым күшке ие болады.

78. Тараптар мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерін қатынас тілдері ретінде қолданылатындығына уағдаласады.

79. Келісімшарт күшіне енген күннен бастап өндіру жүргізуге қатысты техникалық құжаттамалар және ақпараттар

(пайдалы қазба түрі көрсетілсін)  
қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалатын  
болады.

## 23. Қосымша ережелер

80. Осы келісімшартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық хабарламалар мен құжаттар оларды алу фактісі бойынша осы келісімшарт бойынша тараптардың әрқайсысына тиісті түрде ұсынылған және жеткізілген деп есептеледі.

81. Хабарламалар мен құжаттар тікелей тараптардың қолына тапсырылады немесе пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс бойынша жіберіледі.

82. Осы келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа жеті күн ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.

83. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың және келісімшарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да бір айырмашылық болған кезде, келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

84. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар құзыретті органында міндетті тіркеуге жатады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар олардың тіркелген сәтінен бастап күшіне енген деп танылады.

85. Осы келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Заңда айқындалған мағынаға ие.

86. Осы келісімшартты \_\_\_\_\_ қ. \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_  
(күн) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (ай) (Қазақстан Республикасы) Тараптардың  
уәкілетті өкілдері жасасты.

87. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Өндіруге арналған  
моделдік келісімшартқа  
1 қосымша

## Өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы

			Барлығы	11- ЖЫЛ	22- ЖЫЛ	33- ЖЫЛ
1.	Инвестициялар, барлығы	мың теңге				

2.	Өндірістік объектілер және оларжы жобалау мерзімдері, құрылысы (құрылғылар), (бар болса негізгі объектілер бойынша мағынасын ашу)	объектілер саны				
3.	Келісімшарттық аумақтағы бұрғылауға жобаланған ұңғыма саны, олардың аяқталу мерзімі (егер бар болса)	ұңғымалар саны				
4.	Қажетті инфрақұрылымдық объектілердің тізбесі, оларды жобалау мерзімі, құрылысы (құрылғылар) (бар болса)	объектілер саны				
5.	Шығындар және орындалатын геологиялық барлау жұмыстарының түрлері бойынша көлемдері (егер бар болса жұмыстардың негізгі түрлері бойынша мағынасын ашу)	кума м. мың куб м				
6.	күрделі шығындар, барлығы	мың теңге				
6.1	оның ішінде: ғимарат, құрылыстар	мың теңге				
6.2	жайластыру, қайта жаңарту	мың теңге				
6.3	машиналар, құрал-жабдықтар	мың теңге				
6.4	көлік құралдары	мың теңге				
6.5	қоршаған ортаны тазалау құрылғыларына/қорғауға жұмсалатын шығындар	мың теңге				
7.	Өндіру кезендері және шикізатты бастапқы өңдеу бойынша					



	эксплуатациялық шығындар, негізгі баптарды мағынасын ашумен					
8.	өндіру шығындары, барлығы	мың теңге				
8.1	Тау-кен күрделі жұмыстары	қума м мың куб.м				
8.2	өндіруге жөніндегі өзге шығындар (қайтадан іске қосу, ұңғымаларды жөндеу және т.с.с)	мың теңге				
9.	өндіру көлемі: (пайдалы қазбаны көрсету)	мың тонна/млн текше м				
10.	бастапқы өңдеу (жұмыс тізбесін көрсету)	мың теңге				
11.	Құзыретті орган анықтаған, бастапқы өңдеуді өткен минералды шикізаттын шығуын көрсетумен пайдалы қазбалардың түрлері бойынша ішкі және сыртқы нарыққа таратылатын, инфляцияны ескерумен қолданыстағы бағасы бойынша өткізу көлемдері					
12.	Өзге де эксплуатациялық шығыстар (негізгі баптардың мағынасын ашу)	мың теңге				
13.	жоба бойынша жалпы және өнім түрлері бойынша жиынтық табыс	мың теңге				
14.	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдарының дамуы	мың теңге				

15.	Тарату қорына жіберілетін аударымдар	мың теңге				
16.	ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін жоғарылату, қайта даярлау	мың теңге				
17.	ҒЗТК жұмсалатын шығындар	мың теңге				
18.	Тартылған персоналдың санын көрсетумен еңбек ақыны төлеу қоры	мың теңге				
19.	жанама шығыстар (негізгі баптарды көрсету)	мың теңге				
20.	салық төленгеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын таза табыс	мың теңге				
	қол қойылатын бонус	мың теңге				
	тарихи шығындар	мың теңге				
21.	Салық салынатын табыс	мың теңге				
22.	Салықтарды төленгеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалатын таза табыс	мың теңге				
23	инфляцияның индексіне түзетілген жылдық ақша ағыны	мың теңге				
24	дисконттау ставкалары 10, 15 және 20 пайыздарға тең болған кездегі жобаның таза ағымдағы келтірілген құны;	мың теңге				
25	жоба бойынша жалпы және жылдар бойынша жоба рентабельділігінің ішкі нормасы	%				

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 31 наурыз

**Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған модельдік  
келісімшарт**

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын,  
Қазақстан Республикасының атынан құзыретті орган  
ретінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік органның атауы)

және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (азаматтың аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы,  
бұдан әрі-жер

қойнауын пайдаланушы)

арасындағы

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жері  
көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ (учаске немесе блок)

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі  
көрсетілсін)

Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған  
келісімшарт.

Қазақстан Республикасының

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жері  
көрсетілсін)

\_\_\_\_\_ (жер қойнауы учаскесі)

\_\_\_\_\_ (пайдалы қазбаның түрі  
көрсетілсін)

Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған осы  
келісімшартына Тараптар

\_\_\_\_\_.  
(келісімшарт жасасуға негіз болатын конкурстық комиссия

хаттамасына немесе ұлттық компаниямен тікелей келіссөздер

\_\_\_\_\_ хаттамасына)  
сәйкес 20 \_\_\_\_ жылғы» \_\_\_\_» \_\_\_\_\_ қол қойды.

Мазмұны

Кіріспе

1. Келісімшарттың мақсаты
2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
3. Келісімшарттық аумақ
4. Жұмыс бағдарламасы
5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы
6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы
7. Персоналды жалға алу, барлау жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу
8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу
9. Салық салу
10. Коммерциялық табу
11. Консервациялау, тарату және тарату қоры
12. Есепке алу және есептілік
13. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары
14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі
15. Құқықтар мен міндеттерді беру
16. Еңсерілмейтін күш
17. Құпиялылық
18. Қолданылатын құқық
19. Дауларды шешу тәртібі
20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері 21-бөлім. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары
22. Келісімшарт тілі
23. Қосымша ережелер

*Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа қосымшалар:*

*1-қосымша – Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған Келісімшартқа Жұмыс бағдарламасы*

*2-қосымша – Геологиялық (Тау-кендік) бөлу*

## Кіріспе

Мынаны:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен ондағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болып табылатынын, Қазақстан Республикасы жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету шарттарымен \_\_\_\_\_

(пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

бірлесіп барлауды және өндіруді жүзеге асыруға ниет білдіретінін;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшартқа сәйкес \_\_\_\_\_ бірлесіп барлауды және өндіруді (пайдалы қазбаның түрін көрсету)

ұтымды әрі тиімді жүргізуге ниеті және қаржылық, техникалық мүмкіндігі бар екенін;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі құзыретті органға келісімшарт жасасуға және орындауға құқық бергенін;;

4) Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт \_\_\_\_\_ бірлесіп барлау және өндіру

(пайдалы қазбаның түрі көрсетілсін)

жұмыстарын жүргізуде олардың өзара құқықтары мен міндеттерін реттейді деп уағдаласқанын назарға ала отырып,

құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласты:

### 1. Келісімшарттың мақсаты

1. Келісімшарт мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісімшарттық аумақта (пайдалы қазбаны көрсетіңіз) бірлесіп барлау және өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарын айқындау болып табылады.

2. Келісімшарт шарттарына және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы геологиялық бөлу шегінде барлауды жүргізуге, оның ішінде:

өз қалауы бойынша өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде егер келісімшартта не «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) өзгеше көзделмесе, өндірілген минералдық шикізатты пайдалануға;

келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

Заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

Осы келісімшарт жер қойнауын пайдаланушыға кен орны анықталған және оны бағалаған жағдайда (пайдалы қазбаны көрсетіңіз), сондай-ақ көрсетілген пайдалы қазбаны (қазбаларды) өндіру кезінде минералдық шикізат құрамындағы ілеспе пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыру құқығын береді.

## 2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

3. Бірлесіп барлау мен өндіруге келісімшарт тең барлау кезеңін (барлау кезеңін көрсетіңіз) және өндіру кезеңін (Заңның 69-бабының 2-тармағына сәйкес өндіру мерзімін көрсетіңіз) қамтитын мерзімге жасалды.

4. Келісімшарт құзыретті органда мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт күшіне енген күннен бастап (не өзге мерзімді көрсетіңіз) барлауға кірісуге тиіс.

6. Кен орнын анықтаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы Заңның 65 және 69 баптарына сәйкес оны бағалау үшін қажетті кезеңге барлау кезеңін ұзартуға құқығы бар.

7. Табуды бағалау үшін келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келіп түскен күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

8. Келісімшарттың өндіру кезеңдегі қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс.

9. Барлау кезеңін ұзартқан кезде келісімшартқа тараптардың қосымша келісімімен ресімделетін тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Егер тараптар өзге мерзімді келіспесе, ұзарту мерзімі тиісті толықтыру тіркелген күннен бастап есептеледі.

### 3. Келісімшарттық аумақ

10. Жер қойнауын пайдаланушы бірлесіп барлау мен өндіруді келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінде жүргізеді.

11. Егер пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде табудың немесе кен орнының географиялық шекараларының (құрлықта немесе теңізде орналасуына қарамастан) геологиялық немесе тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінен шығатыны анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды немесе өндіруді жүргізу кезінде, егер бұл аумақ жер қойнауын пайдаланудан бос болған жағдайда, келісімшарт жобасын келісу және оны жасасу үшін осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде конкурс өткізбей-ақ, көлемі бойынша келісімшарттық аумақтың елу пайызынан аспайтын тиісті геологиялық бөлуді немесе жаңа тау-кендік бөлуді беру, сондай-ақ келісімшарт пен жұмыс бағдарламасының шарттарын өзгерту арқылы шешуге тиіс.

12. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

13. Барлау кезеңінде келісімшарттық аумақты қайтару, коммерциялық табу жүргізілген аумақты қоспағанда, мынадай кесте бойынша жүзеге асырылады:

келісімшарт қолданылуының екінші жылының соңына %  
келісімшарт қолданылуының үшінші жылының соңына %  
келісімшарт қолданылуының төртінші жылының соңына

%

келісімшарт қолданылуының бесінші жылының соңына

%

келісімшарт қолданылуының алтыншы жылының соңына

%:

Келісімшарттық аумақтың бөлігін қайтару қайтарылатын келісімшарттық аумақ бөлігін тиісті

геологиялық бөлуден алып тастаумен геологиялық бөлуді қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады.

14. Осы бөлімнің 3-тармағының ережелеріне нұқсан келтірместен жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт қолданысының бірінші жылы аяқталған соң, бұл туралы 1 ай бұрын құзыретті органды алдын ала хабардар ете отырып, келісімшарт аумағының барлық немесе бір бөлігін қайтаруға құқылы.

15. Қайтарылатын учаскелер Қазақстан Республикасының учаскелерді қайтаруға қойылатын заңнамасы талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушы бірлесіп барлау және өндіру салдарынан бүлінген қайтарылатын аумақтарды және өзге де табиғи объектілерді одан әрі тікелей мақсатына пайдалануға жарамды қалыпқа дейін өз қаражаты есебінен қалпына келтіреді.

16. Келісімшарттық аумақты немесе оның бөліктерін қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Қорлардың өсімі болған және олар жер қойнауына мемлекеттік сараптамамен расталған жағдайда келісімшартқа тараптардың жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

#### **4. Жұмыс бағдарламасы**

18. Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған жұмыс бағдарламасы осы модельдік келісімшарттың қосымшасына сәйкес келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымша) болып табылады және инвестициялық жобалық көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті жер қойнауын пайдаланушының міндеттемелерін қамтиды.

Жұмыс бағдарламасы негізгі жобалау көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті іс-шараларды да жылдар бойынша бөліп және қажетті шығындарды көрсете отырып қамтуға тиіс.

19. Жұмыс бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобалау көрсеткіштерін қозғайтын жобалау құжаттары көрсеткіштерін өзгерткен кезде жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуге тиіс.

20. Егер бекітілген жобаларда айқындалған өндіру көлемдері бекітілген жобалау көрсеткіштерінен нақты мәнде жиырма пайыздан аз өзгертін жағдайда, қатты пайдалы қазбалар бойынша бекітілген жобаларға



өзгерістер және (немесе) толықтырулар жобалары жасалмайды.

## **5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы**

21. Бірлесіп барлау және өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдаланушы алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

22. Жабдыққа және өзге де мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына ауысуына қарамастан, келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ мұндай жабдықты және өзге де мүлікті құзыретті органның жазбаша хабарламасына сәйкес, басқа тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен сәттен бастап бір жыл ішінде не келісімшартта өзгеше белгіленген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыда мұндай жабдық пен өзге де мүлікті өз есебінен бөлшектеу не келісімшарттық аумақтан әкету міндеті сақталады.

Жабдықтың және өзге де мүліктің тиесілігіне қарамастан, мұндай жабдық пен өзге де мүлікті бөлшектеуді және келісімшарттық аумақтан әкетуді жер қойнауын пайдаланушы адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

23. Құзыретті орган келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда жер қойнауын пайдаланушы технологиялық процестің үздіксіз болуын және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылыстар мен жабдықтарды жаңа жер қойнауын пайдаланушыға мүлік берілгенге дейінгі мерзімге ұлттық компанияның уақытша иеленуі мен пайдалануына беруге тиіс.

24. Геологиялық ақпарат, егер ол жер қойнауын пайдаланушының жеке қаражаты есебінен алынса, жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

Келісімшарт қолданысы тоқтатылғаннан кейін барлық геологиялық және жер қойнауы туралы өзге де ақпаратты жер қойнауын пайдаланушы өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының меншігіне береді.

## **6. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға және реквизициялау құқығы**

25. Қазақстан Республикасының көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегеріле отырып, жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде қолданатын, мәмілені жасасу күніне қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын сатып алуға басқа тұлғалар алдында артықшылықты құқығы бар.

26. Жер қойнауын пайдаланушы мәмілелер жасау кезінде қолданатын пайдалы қазбалардың бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, мемлекеттің пайдалы қазбаларды сатып алуы жөнінде мәміле жасалған күні әлемдік нарықтарда қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар, көлік шығыстары және өткізуге арналған шығындар шегеріле отырып қолданылады.

Сатып алынатын пайдалы қазбалардың шекті көлемі тиісті жылы нақты өндірілген өнімнің жалпы көлемінен \_\_\_ % аспауға тиіс.

27. Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқығы бар. Реквизициялау Қазақстан Республикасының мұқтажына қажет мөлшерде төтенше немесе соғыс жағдайының барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуі мүмкін.

**7. Персоналды жалға алу, бірлесіп барлау және өндіру жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу**

28. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылуы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір тиісті санат бойынша қызметкерлердің жалпы санының елу пайызынан кем болмауға тиіс менеджерлер мен мамандарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға басымдық беруге міндеттенеді. Бұл ретте, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын басшылар үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының санына арақатынасты сақтау бойынша талаптар қолданылмайды.

*Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 №*

109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-1. Қазақстандық кадрлардың саны жұмысқа тартылған кадрлардың жалпы санынан пайыздық қатынаста мердігерлік және субмердігерлік жұмыстарға тартылған персоналдарды қоса алғанда, басшылық құрам бойынша \_\_%, жоғары және орта кәсіптік білімі, бар мамандар бойынша \_\_%, білікті жұмысшылар бойынша \_\_% құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

жыл	Басшылық құрам	ЖБ және ОКБ бар мамандар	білікті жұмысшылар
1 жыл			
2 жыл			
...			
(бағалау жұмыстары кезінде)			

Осы тармақтың талаптары модельдік келісімшарттың 28-тармағына сәйкес корпоратившілік ауыстыру шеңберінде тартылған, шетел азаматтары болып табылатын басшыларға, менеджерлер мен мамандарға қатысты таралмайды.

*Ескерту. 7-тарау 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

29. Жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық персоналға тартылған шетелдік қызметкерлерге қатысты алғанда еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

30. Жер қойнауын пайдаланушы бірлесіп барлау және өндіру жүргізу кезеңінде келісімшартты орындау кезінде жұмылдырылған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды (тендерге қатысу үшін конкурстық ұсыныста көзделген немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген немесе аукцион өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын сома көрсетілсін) \_\_\_\_\_ мөлшерінде жыл

сайын қаржыландыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Қандай да болсын жыл қорытындылары бойынша осы тармақта көзделген талап етілген қаржыландыру көлемі артқан кезде көрсетілген асып түсу сомалары алдағы кезеңдердегі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жұмыскерлерді үйретуді, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша міндеттемелер есебіне жатқызылады және міндеттемелер есебіне есептелген кезеңнің шығыстары ретінде есепке алынады.

Осы тармақта көрсетілген міндетті орындау жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының азаматтарын даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру бойынша, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынған және құзыретті органмен келісілген тізбе бойынша тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жер қойнауын пайдалану саласымен тікелей байланысты мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажет тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алуға нақты жұмсаған шығыстары, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын заңды тұлға жанындағы өзінің оқу (оқыту) орталықтарында кадрларды кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды қаржыландыру жөніндегі шығыстар болып табылады.

31. Барлау және өндіруді жүзеге асыру кезінде тауарларды және жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде, егер осы жұмыстар (көрсетілген қызметтер) Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, теміржол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қазақстандық өндірушілерді тартуға міндеттенеді.

Бұл ретте, барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезеңде келісімшарт бойынша жергілікті қамту мөлшері жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) қатынасы бойынша \_\_\_\_\_ пайызды құрауы тиіс, оның ішінде жылдар бойынша:

Жыл	Жұмыстар (көрсетілетін қызметтер)
1 жыл	
2 жыл	
...	
(бағалау жұмыстары кезінде)	

*Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **8. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға қатысу**

32. Келісімшарт қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға \_\_\_\_\_ мөлшерінде (тендерге қатысу үшін ұсынылған конкурстық ұсыныста немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген, не аукцион өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын соманы көрсету) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген) бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес «Жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдар» 206114 бюджетті сыныптама кодына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның бюджетіне жыл сайынғы аударымдарды жүргізеді.

33. Жер қойнауын пайдаланушы Заңның 76 бабы 1 тармағының 12-1) тармақшасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілер көрсететін ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруды өткен жылдың қорытындылары бойынша келісімшарттық қызмет бойынша жылдық жиынтық табыстың кемінде бір пайызы мөлшерінде жыл сайын жүзеге асыруға міндеттенеді.

Ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелердің көлемі асыра орындалған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы асыра орындалған міндеттемелердің көлемдерін келесі есепті кезеңдерге түзетуді (есепке жатқызуды) жүзеге асырады.

Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қазақстандық өндірушілері болмаған жағдайда, шетелдік өндірушілер көрсететін осы жұмыстарды қаржыландыру құзыретті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

## 9. Салық салу

34. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

35. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін).

36. Келісімшартты жасасу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонустың белгіленген сомасының елу пайызын 20 жылғы «\_\_\_» №\_\_\_ төлем тапсырмасы бойынша төледі.

37. Қол қойылатын бонустың мөлшердегі қалған \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін) елу пайызын жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлейді.

## 10. Коммерциялық табу

38. Жер қойнауын пайдаланушы кен орнын тапқан жағдайда құзыретті органға немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына отыз жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауы тиіс.

39. Құзыретті орган хабарламаны алғаннан кейінгі бір ай мерзімде бағалау жұмыстары кезегіне өтуге рұқсат береді. Бағалау жұмыстар кезегіне өту барысында келісімшарттың жұмыс бағдарламасына міндетті түрде өзгеріс енгізіледі.

40. Табуды растау мен оны бағалау мерзімін құзыретті орган жер қойнауын зерттеу мен пайдалану бойынша құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның тұжырымдамасы бойынша белгілейді. Коммерциялық табуды жер қойнауын пайдаланушы хабарлайды.

41. Жер қойнауын пайдаланушы бағалау жұмыстары кезегіне өту кезінде Заңға сәйкес, бағалау жұмыстарының жобасын әзірлейді. Бағалау жұмыстары тәжірибелік-энеркәсіптік өндіру жобасын қамтуы мүмкін.

42. Коммерциялық табылған байланысты өндіруге айрықша құқық негізінде тиісті жобалау құжаттарын белгіленген тәртіппен коммерциялық анықтаған және бекіткен жағдайда келісімшартқа өндіру сатысына байланысты өзгерістер енгізіледі, одан кейін келісімшартқа Қазақстан Республикасының өндіруге арналған келісімшарт үшін заңдарында көзделген ережелер қолданылатын болады.

## **11. Консервациялау, тарату және тарату қоры**

43. Бірлесіп барлау және өндіру жөніндегі операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушы жобалаушы құжаттарға және жұмыс бағдарламасына сәйкес бұдан кейінгі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда қолданылатын жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктарды, панельдерді, қазбаларды) қоспағанда, бірлесіп барлау және өндіру жөніндегі жұмыстар жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуды немесе консервациялауды жүзеге асырады.

44. Жер қойнауын пайдалану объектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылады немесе консервацияланады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт бойынша өз операциялары салдарын жою үшін тарату қорын құрады.

Бірлесіп барлау және өндіру кезегінде тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын тиісті жылға жұмыс бағдарламасында көзделген жыл сайынғы геологиялық барлау жұмыстары шығындарының және



(немесе) өндіруге жұмсалған шығындардың бір пайызынан кем емес мөлшерде мемлекет аумағындағы кез келген банктегі депозиттік шотқа жүргізеді.

45. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану объектілерін тарату жұмыстарын қосымша қаржыландыруды жүзеге асырады.

46. Егер таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, ақшалай қаражаттың артығы жер қойнауын пайдаланушыға беріледі және салық салынатын табысқа енгізіледі.

47. Жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда тарату қоры жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беріледі.

48. Құзыретті орган келісімшартты біржақты тәртіппен тоқтатқан жағдайда тарату қоры Заңның 72-бабының 10-тармағымен анықталатын сенімгерлік басқарушыға беріледі.

## **12. Есепке алу және есептілік**

49. Жер қойнауын пайдаланушы барлау және өндіру жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және құзыретті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде келісімшартта және жұмыс бағдарламасында көзделген міндеттемелердің орындалғаны туралы есептілікті ұсынуға тиіс.

50. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз енуді қамтамасыз етуге және олар анықтаған бұзушылықтарды уақытылы жоюға міндеттенеді.

51. Келісімшарт аумағындағы қызмет нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға геологиялық есептілікті беруге міндетті.

## **13. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары**



52. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге, жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға, оның ішінде, экологиялық талаптарды, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану талаптарын сақтауға тиіс.

53. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға келісімшарт аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға кедергі келтірмеуге, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға міндеттенеді.

54. Барлауды және өндіруді жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

55. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалардың қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум шарттарын сақтауға міндеттенеді.

56. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне жобалау құжаттарына және жұмыс бағдарламасына сәйкес келісімшарт бойынша өз қызметін қаржыландыру жөнінде міндеттеме алады.

#### **14. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі**

57. Жер қойнауын пайдаланушы өзіне қабылдаған төмендегі міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі ретінде жауапкершілікте болады:

1) жұмыстарда (көрсетілетін қызметтерде) жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттемелер сомасынан 1 % мөлшерінде;

2) кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін 2000 республикалық бюджет туралы заңға сәйкес және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде (АЕК);

3) осы келісімшарттың 7 және 8-тармақтарда көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін есептік кезеңде орындалмаған міндеттеме сомасының бір пайыз мөлшерінде.

Бұл ретте, егер нарықта әрекет етуші құндардың өзгеруінен және басқа да жер қойнауын пайдаланушының еркіне тәуелсіз жағдайлардың себебінен жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстары келісімшартты жасау, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларын бекіту кезінде ескерілгеннен кем болып шықса, бірақ бұл ретте келісімшартта, жұмыс бағдарламасы мен құжат жобаларында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушы міндеттерінің физикалық көлемі толық көлемде орындалса, жер қойнауын пайдаланушының фактілі шығыстарының осылай азаюы келісімшарт шарттарын бұзу және келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

*Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

58. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иеленудің тәртібі бұзыла отырып сатып алынған жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) иелену жөніндегі шығыстар құзыретті орган келісімшарттық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының орындауы ретінде есепке алатын шығыстарынан алып тасталады.

*Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

59. Осы тараудың 58-тармағының мақсаттары үшін жергілікті қамту үлесі келісімшарттың 7-тарауы 31-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу тәртібіне осы келісімшартта және Заңда белгіленген талаптарды бұза отырып жер қойнауын пайдаланушы сатып алуды жүзеге асырған жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құны

ескеріледі. Бұл ретте, көрсетілген көлемнен жергілікті қамтудың сатып алынған нақты жұмыстардың (көрсетілетін қызметтерге) құны шегеріледі.

*Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 15. Құқықтар мен міндеттерді беру

60. Жер қойнауын пайдаланушы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқа адамдарға келісімшарт бойынша құқықтарды немесе олардың бөлігін беруге құқылы.

61. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғады және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

## 16. Еңсерілмейтін күш

62. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

63. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдаяттар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, табиғи зілзалалар (өрт және т.с.). Келтірілген тізбе бәрін толық қамтыған болып табылмайды.

64. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші тарап бұл туралы кездейсоқ оқиға мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын анықтаған жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу жолымен екінші тарапқа дереу хабарлайды.

65. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту мәліметі үшін барлық құралдарды пайдаланады.

66. Еңсерілмес күш мән-жайларынан туындаған

келісімшарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде тараптар келісімшарт мерзімін еңсерілмес күш мән-жайларының қолданысы кезеңіне ұзартады.

## 17. Құпиялылық

67. Келісімшартты орындау процесінде тараптар алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға жатады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есеп берулер құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

68. Геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ құпиялылық туралы келісіммен рәсімделетін Заңның 11-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте беріледі.

69. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға мынадай:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылса;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлғаға мұндай үшінші тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны тараптар белгілеген мақсаттарға және белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда беруге құқығы жоқ.

70. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, келісімшарттық аумақта барлау және өндіру жүргізуге байланысты және геологиялық ақпараттарды қамтитын барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

71. Жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының жұмыстар (көрсетілетін қызметтерді) сатып алуды жоспарлауы және өткізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға шығындар және өңірді

әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

*Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## **18. Қолданылатын құқық**

72. Қазақстан Республикасының құқығы осы келісімшартқа қолданылатын құқық болып табылады.

73. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

## **19. Дауларды шешу тәртібі**

74. Келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

75. Егер келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай мерзімде шешілмейтін болса, онда тараптар осы дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.

## **20. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері**

76. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтары қорғалатынына кепілдік беріледі.

77. Келісімшарт талаптарын өзгертуге және толықтыруға тараптардың келісімен жол беріледі. Тараптардың бірінің талап етуі бойынша келісімшарт талаптарын өзгертуге Заңда және осы келісімшартта тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

## **21. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары**

78. Егер Заңның 69-бабына сәйкес тараптар келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы келісімге қол жеткізбесе, келісімшарт қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

79. Келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға талаптардың келісімі бойынша жол беріледі. Келісімшарт сондай-ақ келісімшарттың 3-бөліміне сәйкес барлық келісімшарт аумағы қайтарылған жағдайда өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.

80. Құзыретті орган мынадай жағдайларда:

1) жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде;

2) Заңның 36-бабының 5-тармағына сәйкес мұндай рұқсат ету талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, құзыретті органның рұқсатынсыз Заңның 36-бабының 1 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді берген кезде;

3) Заңның 76-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген мәліметтерді беруден бас тартқан не анық емес мәліметтер берген кезде;

4) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген қаржылық міндеттемелер қатарынан екі жыл бойы отыз пайыздан кем орындалған кезде келісімшарттың қолданылуын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органның хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

81. Заңның 71-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда құзыретті орган бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, егер:

1) құзыретті органнан келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру туралы хабарлама алған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге өз келісімін жазбаша түрде растамаса не оларды жүргізуден бас тартса;

2) жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде келіссөздер жүргізуге келісімі алынған күннен бастап

төрт айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарт талаптарын өзгерту және (немесе) толықтыру жөніндегі келісімге келмесе;

3) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру жөніндегі келісілген шешімге қол жеткізілген күннен бастап алты айға дейінгі мерзімде тараптар келісімшарттың талаптарына өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға қол қоймаса, бір жақты тәртіппен келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

82. Егер стратегиялық маңызы бар жер қойнауы учаскелеріне (кен орындарына) қатысты барлау мен өндіру жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушының іс-әрекеті ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін өзгертуге әкеп соғатын болса, Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімі бойынша құзыретті орган келісімшарттың, оның ішінде бұрын жасалған келісімшарттың қолданысын бір жақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Келісімшарттың қолданылуы аталған негіз бойынша біржақты тәртіппен тоқтатылған жағдайда құзыретті орган ол жөнінде жер қойнауын пайдаланушыны кемінде екі ай бұрын ескертуге тиіс.

## 22. Келісімшарт тілі

83. Келісімшарттың мәтіні тараптардың әрқайсысы үшін \_\_\_\_\_ данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және барлық даналары бірдей болады.

Келісімшарт тараптарының келісуіне сәйкес, келісімшарт мәтіні өзге тіліне аударылуы мүмкін.

84. Мәтіннің нұсқалары арасында келісімшарттың мағынасы мен талдануын анықтау барысындағы келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_ (қазақ немесе орыс тілі көрсетілсін) нұсқасы басым күшке ие болады.

85 Тараптар мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерін қатынас тілдері ретінде қолданылатындығына уағдаласады.

86. Келісімшарт күшіне енген күннен бастап бірлесіп барлау және өндіру жүргізуге қатысты техникалық құжаттамалар және ақпараттар

---

(пайдалы қазба түрі көрсетілсін)



мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жасалатын болады.

## **23. Қосымша ережелер**

87. Осы келісімшартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық хабарламалар мен құжаттар оларды алу фактісі бойынша осы келісімшарт бойынша тараптардың әрқайсысына тиісті түрде ұсынылған және жеткізілген деп есептеледі.

88. Хабарламалар мен құжаттар тікелей тараптардың қолына тапсырылады немесе пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс бойынша жіберіледі.

89. Осы келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа 7 күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.

90. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың және келісімшарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да бір айырмашылық болған кезде, келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

91. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар құзыретті органында міндетті тіркеуге жатады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар олардың тіркелген сәтінен бастап күшіне енген деп танылады.

92. Осы келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Заңда айқындалған мағынаға ие.

93. Осы келісімшартты қ. ж. (күн) (ай) (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

94. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Бірлесіп барлауға және өндіруге  
арналған  
үлгілік келісімшартқа  
1-қосымша

## **Бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшартқа жұмыс бағдарламасы**

Бірлесіп барлау және өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген мерзімдерде



келісімшарт аумағында мынадай жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді.

	Жұмыс түрлері	Өлшем бірлігі	барлығы	1 ЖЫЛ	2 ЖЫЛ	3- ЖЫЛ
1.	Инвестициялар, барлығы	мың теңге				
2.	Іздестіру маршруттары	км				
3.	Геологиялық түсіру жұмыстары	км <sup>2</sup>				
4.	Топографиялық жұмыстар	км <sup>2</sup>				
5.	Литогеохимиялық жұмыстар					
6.	Тау кен жұмыстары					
7.	Сейсмо барлау (2 D және/немесе 3 D)	қума км				
8.	Гравибарлау және геофизикалық зерттеулердің басқа да түрлері	км <sup>2</sup>				
9.	Бұрғылау жұмыстары	Ұңғымалар саны, қума км				
10.	Объектілерді сынамалау және сынақтан өткізу	Объектілер саны				
11.	Гидрогеологиялық жұмыстар					
12.	Геологиялық барлау жұмыстарының басқа түрлері					
13.	Өндірістік объектілер және оларжы жобалау мерзімдері, құрылысы (құрылғылар), қажет болса (бар болса)	объектілер саны				
14.	Келісімшарттық аумақтағы бұрғылауға	ұңғымалар саны				

	жобаланған ұңғыма саны, олардың аяқталу мерзімі (егер бар болса)					
15.	Қажетті инфрақұрылымдық объектілердің тізбесі, оларды жобалау мерзімі, құрылысы (құрылғылар) (бар болса)	объектілер саны				
16.	Шығындар және орындалатын геологиялық барлау жұмыстарының түрлері бойынша көлемдері (егер бар болса жұмыстардың негізгі түрлері бойынша мағынасын ашу)	қума м. мың куб м				
17.	Капиталдық шығындар, барлығы	мың теңге				
17.1	Соның ішінде: ғимарат, құрылымдар	мың теңге				
17.2	Жайластыру, қайта құру	мың теңге				
17.3	Көліктер, жабдықтар	мың теңге				
17.4	көлік құралдары	мың теңге				
17.5	Тазалау құрылғыларының шығындары/ қоршаған ортаны қорғауға	мың теңге				
	Өндіру кезендері және шикізатты бастапқы өңдеу бойынша эксплуатациялық шығындар, негізгі баптарды мағынасын ашумен	мың теңге				

18	Өндіруге жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге				
18.1	Тау-кен күрделі жұмыстары	кума м				
		мың куб м				
18.2	Өзге де өндіру шығындары (қайта іске қосу, ұңғымаларды жөндеу және т.с.с)	мың теңге				
19.	Өндіру көлемі: (пайдалы қазбаларды көрсету)	мың тонна/ млн.куб.м				
20	Бастапқы өңдеу (жұмыстар тізбесін көрсету)	мың теңге				
	Құзыретті орган анықтаған, бастапқы өңдеуді өткен минералды шикізаттын шығуын көрсетумен пайдалы қазбалардың түрлері бойынша ішкі және сыртқы нарыққа таратылатын, инфляцияны ескерумен қолданыстағы бағасы бойынша өткізу көлемдері	мың теңге				
21.	Өзге де эксплуатациялық шығыстар (негізгі баптардың мағынасын ашу)	мың теңге				
22.	Жоба бойынша және өнімнің түрлері бойынша біріктірілген кіріс	мың теңге				
23	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымдарының дамуы	мың теңге				

24	Тарату қорына жіберілетін аударымдар	мың теңге				
25.	ҚР азаматтарын оқыту, біліктілігін жоғарылату, қайта даярлау	мың теңге				
26.	ҒЗТК жұмсалатын шығындар	мың теңге				
27.	Тартылған персоналдың санын көрсетумен еңбек ақыны төлеу қоры	мың теңге				
28.	Жанама шығыстар (негізгі баптарды көрсету)	мың теңге				
29.	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыру шеңберінде бюджетке төлеуге жататын салықтар мен міндетті төлемдер	мың теңге				
	қол қойылатын бонус	мың теңге				
	тарихи шығындар	мың теңге				
30.	Салық салынатын табыс	мың теңге				
31	Салықтарды төленгеннен кейін кәсіпорының иелігінде қалатын таза табыс	мың теңге				
32	Жылдық ақша ағыны	мың теңге				
33	дисконттау ставкалары 10, 15 және 20 пайыздарға тең болған кездегі жобаның таза ағымдағы келтірілген құны;	мың теңге				

34	жоба бойынша жалпы және жылдар бойынша жоба рентабельділігінің ішкі нормасы	%				
----	---	---	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 31 наурыз  
№ 412 бұйрығына  
4-қосымша

**Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған модельдік келісімшарт**

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын

\_\_\_\_\_ (облыстың жергілікті атқарушы органының, республикалық маңызы \_\_\_\_\_ бар қаланың, астананың атауы) және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның Т.А.Ә.А. немесе заңды тұлғаның атауы (бұдан әрі \_\_\_\_\_ - Жер қойнауын пайдаланушы) арасындағы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жерін көрсету) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (объектінің атауын көрсету)  
барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылысын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарт.

Осы барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылысын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшартқа Тараптар 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ тікелей келіссөздер хаттамасына сәйкес қол қойды.

Мазмұны

Кіріспе

1. Келісімшарттың мақсаты
2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі
3. Келісімшарттық аумақ
4. Жұмыс бағдарламасы
5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы
6. Жерасты құрылыстарын салу және пайдалану кезінде персоналды жалға алу, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу
7. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға қатысу
8. Консервациялау, тарату және тарату қоры
9. Есепке алу және есептілік
10. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары
11. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі
12. Құқықтар мен міндеттерді беру
13. Еңсерілмейтін күш
14. Құпиялылық
15. Қолданылатын құқық
16. Дауларды шешу тәртібі
17. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері
18. Салық салу
19. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары
20. Келісімшарт тілі
21. Қосымша ережелер

*Келісімшартқа қосымшалар:*

*1-қосымша – Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған модельдік келісімшарттың жұмыс бағдарламасы;*

*2-қосымша – Тау-кендік бөлу.*

## Кіріспе

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мемлекет меншігі болып табылатындығын назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдаланған жағдайда (объекті атауын көрсетіңіз) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) оларды

пайдалануды жүзеге асыру ниетін білдіретіндігін,

2) Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа сәйкес (объекті атауын көрсетіңіз) барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) оларды пайдалану операцияларын ұтымды және тиімді жүзеге асырудың қаржылық және техникалық мүмкіндіктері ниетін білдіретіндігін;

3)

---

\_\_\_\_\_ объекті атауын көрсетіңіз)

\_\_\_\_\_ (әкімшілік-аумақтық бірлікті көрсетіңіз) аумағында орналасқандығын;

4)

---

\_\_\_\_\_ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының атауы) және жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1. Келісімшарттың мақсаты**

1. Келісімшарт мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісімшарттық аумақта барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларын жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру шарттарын айқындау болып табылады.

2. Келісімшарттың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушы

---

\_\_\_\_\_ мақсатында (тікелей келіссөздерге сәйкес барлаумен немесе өндірумен байланысты емес құрылыс және (немесе) жерасты құрылыстары үшін жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну мақсаттарын көрсету) тау-кенді бөлу шегінде барлаумен немесе өндірумен байланысты емес құрылысты және (немесе) жерасты құрылыстарын салуды пайдалануды жүзеге асыруға құқылы, оның ішінде:

\_\_\_\_\_ келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде

келісімшарттық аумақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға;

Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге;

келісімшартта және Заңда көзделген келісімшарттық аумаққа қатысты өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

## **2. Келісімшарттың қолданылу мерзімі**

3. \_\_\_\_\_  
(объектінің атауын көрсету) арналған келісімшарт жұмыс жүргізуге жобамен анықталған мерзімге жасалады және \_\_\_\_\_ жылды құрайды (жиырма бес жылдан аспайды).

4. Келісімшарт облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

## **3. Келісімшарттық аумақ**

5. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану операцияларын келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тау-кендік бөлуде көрсетілген келісімшарттық аумақ шегінде жүргізеді.

6. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық аумақты тек қана келісімшартта көзделген мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

7. Келісімшарттық аумақты қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Қайтарылатын учаскелер Қазақстан Республикасының учаскелерді қайтаруға қойылатын заңнамасы талаптарына сәйкес келуге тиіс. Жер қойнауын пайдаланушы барлау салдарынан бүлінген қайтарылатын аумақтарды және өзге де табиғи объектілерді одан әрі тікелей мақсатына пайдалануға жарамды қалыпқа дейін өз қаражаты есебінен қалпына келтіреді.

## **4. Жұмыс бағдарламасы**

9. Жұмыс бағдарламасы осы келісімшарттың қосымшасына сәйкес міндетті бөлігі болып табылады және жобалау көрсеткіштерін (жұмыстардың физикалық көлемдерін) және оларға қол жеткізу үшін



қажет инвестициялар ауқымын қамтиды.

10. Жұмыс бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобалау көрсеткіштерін қозғайтын жобалау құжаттары көрсеткіштерін өзгерткен кезде жұмыс бағдарламасына тиісті өзгерістер енгізілуіне тиіс.

## **5. Мүлік пен ақпаратқа арналған меншік құқығы**

11. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдаланушы алған мүлік жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

12. Жабдыққа және өзге де мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына ауысуына қарамастан, келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ мұндай жабдықты және өзге де мүлікті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру жағдайларын қоспағанда, келісімшарттың қолданылу мерзімі өткен сәттен бастап бір жыл ішінде не келісімшартта өзгеше белгіленген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушыда мұндай жабдық пен өзге де мүлікті өз есебінен бөлшектеу не келісімшарттық аумақтан әкету міндеті сақталады.

Жабдықтың және өзге де мүліктің тиесілігіне қарамастан, мұндай жабдық пен өзге де мүлікті бөлшектеуді және келісімшарттық аумақтан әкетуді жер қойнауын пайдаланушы адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен, мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

13. Геологиялық ақпарат, егер ол жер қойнауын пайдаланушының жеке қаражаты есебінен алынса, жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

Келісімшарт қолданысы тоқтатылғаннан кейін барлық геологиялық және жер қойнауы туралы өзге де ақпаратты жер қойнауын пайдаланушы өтеусіз негізде мемлекет меншігіне береді.

## **6. Персоналды жалға алу, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатыпалу**

14. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоратившілік ауыстыру шеңберінде тартылуы кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір

тиісті санат бойынша қызметкерлердің жалпы санының елу пайызынан кем болмауға тиіс менеджерлер мен мамандарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға басымдық беруге міндеттенеді. Бұл ретте, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын басшылар үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының санына арақатынасты сақтау бойынша талаптар қолданылмайды.

*Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

15. Жер қойнауын пайдаланушы қазақстандық персоналға тартылған шетелдік қызметкерлерге қатысты алғанда еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

16. Жер қойнауын пайдаланушы барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылысын салуға және (немесе) пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде келісімшартты орындау кезінде тартылған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлерін оқыту, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қаржыландару бойынша міндеттемелерге ие емес.

17. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалануды жүргізу кезінде тауарларды және жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушы жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алу кезінде, егер осы жұмыстар (көрсетілген қызметтер) Қазақстан Республикасының резидент еместері орындайтын біртектес жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) стандарттарына, бағалық және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, теміржол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қазақстандық өндірушілерді тартуға міндеттенеді.

*Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап*

*күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.*

## **7. Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға қатысу**

18. Келісімшарт қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға \_\_\_\_\_ мөлшерінде (тендерге қатысу үшін ұсынылған конкурстық ұсыныста немесе тікелей келіссөздер хаттамасында көрсетілген, не аукцион өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мөлшерден төмен болмайтын соманы көрсету) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 тіркелген) бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес «Жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдар» 206114 бюджетті сыныптама кодына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның бюджетіне жыл сайынғы аударымдарды жүргізеді.

## **8. Консервациялау, тарату және тарату қоры**

19. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операциялар тоқтатылған кезде жер қойнауын пайдаланушы жобалаушы құжаттарға және жұмыс бағдарламасына сәйкес бұдан кейінгі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларда қолданылатын жер қойнауын пайдалану объектісінің технологиялық бірліктерін (блоктарды, панельдерді, қазбаларды) қоспағанда, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жұмыстары жүргізілген жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуды немесе консервациялауды жүзеге асырады.

20. Жер қойнауын пайдалану объектілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылады немесе консервацияланады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт бойынша өз операциялары салдарын жою үшін тарату қорын құрады.

Тарату қорына аударымдарды жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын тиісті жылға жұмыс бағдарламасында көзделген барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе)

пайдалану операцияларға жыл сайынғы шығындардың бір пайызынан кем емес мөлшерде мемлекет аумағындағы кез келген банктегі депозиттік шотқа жүргізеді.

21. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен асып кетсе, жер қойнауын пайдаланушы тарату жұмыстарын қосымша қаржыландыруды жүзеге асырады.

22. Егер жер қойнауын пайдалану объектілерін таратуға арналған нақты шығындар тарату қорының мөлшерінен кем болып шықса, ақшалай қаражаттың артығы жер қойнауын пайдаланушыға беріледі және салық салынатын табысқа енгізіледі.

23. Жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жағдайда тарату қоры жаңа жер қойнауын пайдаланушыға беріледі.

## **9. Есепке алу және есептілік**

24. Жер қойнауын пайдаланушы барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану бойынша жүргізілетін операциялардың есебін жүргізуге және

\_\_\_\_\_ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының атауы) Заңда көзделген тәртіппен және мерзімдерде келісімшартта және жұмыс бағдарламасында көзделген міндеттемелердің орындалғаны туралы есептілікті ұсынуға тиіс.

25. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды адамдарына олар қызметтік міндеттерді орындаған кезде қажетті құжаттарды, ақпаратты беруге және жұмыс орындарына кедергісіз енуді қамтамасыз етуге және олар анықтаған бұзушылықтарды уақытылы жоюға міндеттенеді.

26. Келісімшарт аумағындағы қызмет нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға геологиялық есептілікті беруге міндетті.

## **10. Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізудің жалпышарттары**

27. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге, жер

қойнауын пайдалану бойынша операцияларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға, оның ішінде экологиялық талаптарды, жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану талаптарын сақтауға тиіс.

28. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде басқа адамдарға келісімшарт аумағы шегінде еркін жүріп-тұруға кедергі келтірмеуге, егер қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге кедергі келтірмесе, жалпы пайдаланудағы объектілерді және коммуникацияларды пайдалануға міндеттенеді.

29. Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүзеге асыру кезінде жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың оң практикасына негізделген жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізудің анағұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға тиіс.

## **11. Жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі**

30. Келісімшарт талаптарын бұзғаны үшін жер қойнауын пайдаланушы осы келісімшартқа және Заңға сәйкес жауапты болады.

31. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді иеленудің белгілеген тәртібі бұзыла отырып, сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді иелену жөніндегі шығыстар құзыретті орган келісімшарттық міндеттемелерді жер қойнауын пайдаланушының орындауы ретінде есепке алатын шығыстарынан алып тасталады.

*Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

## 12. Құқықтар мен міндеттерді беру

32. Жер қойнауын пайдаланушы Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқа адамдарға келісімшарт бойынша құқықтарды немесе олардың бөлігін беруге құқылы.

33. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшартқа тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғады және осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

## 13. Еңсерілмейтін күш

34. Келісімшарт бойынша қандай да болмасын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамаушылық немесе тиісінше орындамаушылық еңсерілмейтін күшке байланысты болса, Тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды.

35. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларына мынадай мән-жайдың жағдайлары кезіндегі төтенше және күтпеген жағдаяттар жатады, мысалы: әскери жанжалдар, табиғат апаттары, табиғи зілзалалар (өрт және т.с.). Келтірілген тізбе бәрін толық қамтыған болып табылмайды.

36. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, одан зардап шегуші тарап бұл туралы кездейсоқ оқиға мән-жайлары басталған күнін және сипаттамасын анықтаған жазбаша хабарламаны тапсыру немесе поштамен жіберу жолымен екінші тарапқа дереу хабарлайды.

37. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптар қалыптасқан жағдайдан шығудың шешімін іздеу үшін дереу кеңес өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту мәліметі үшін барлық құралдарды пайдаланады.

38. Еңсерілмес күш мән-жайларынан туындаған келісімшарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде тараптар келісімшарт мерзімін еңсерілмес күш мән-жайларының қолданысы кезеңіне ұзартады.

## 14. Құпиялылық

39. Келісімшартты орындау процесінде тараптар алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады



және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға жатады. Тараптар мемлекет заңнамасында көзделген қажетті есеп берулер құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

40. Геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ құпиялылық туралы келісіммен рәсімделетін Заңның 11-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте беріледі.

41. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға мынадай:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылса;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлғаға мұндай үшінші тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны тараптар белгілеген мақсаттарға және белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілген жағдайды;

ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында берілген жағдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда беруге құқығы жоқ.

42. Тараптар, мемлекет заңнамасына сәйкес, келісімшарттық аумақта барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану операцияларды жүргізуге байланысты және геологиялық ақпараттарды қамтитын барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

43. Жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға шығындар және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

*Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР  
Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 №  
109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап*

*күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.*

## **15. Қолданылатын құқық**

44. Қазақстан Республикасының құқығы осы келісімшартқа қолданылатын құқық болып табылады.

45. Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі мәмілелерге Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

## **16. Дауларды шешу тәртібі**

46. Келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

47. Егер келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай мерзімде шешілмейтін болса, онда тараптар дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге құқылы.

## **17. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарының кепілдіктері**

48. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтары қорғалатынына кепілдік беріледі.

49. Келісімшарт талаптарын өзгертуге және толықтыруға тараптардың келісімімен жол беріледі. Тараптардың бірінің талап етуі бойынша келісімшарт талаптарын өзгертуге Заңда және осы келісімшартта тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

## **18. Салық салу**

50. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу бойынша міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетте келісімшарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттеме туындаған күні қолданыста болатын Қазақстан



Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемесін орындаудан босатпайды.

51. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін).

52. Келісімшартты жасасу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонустың белгіленген сомасының елу пайызын 20 жылғы «\_\_\_» №\_\_\_ төлем тапсырмасы бойынша төледі.

53. Қол қойылатын бонустың мөлшердегі қалған \_\_\_\_\_ (сомасы көрсетілсін) елу пайызын жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде төлейді.

## **19. Келісімшарттың қолданылуын тоқтату шарттары**

54. Егер тараптар келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы Заңның 69-бабына сәйкес келісім жасалмаса, келісімшарт қолданылу мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

55. Келісімшарт қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға тараптардың келісімі бойынша жол беріледі. Келісімшарт сондай-ақ келісімшарт аумағы қайтарылған жағдайда өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.

56. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген міндеттемелерді екі реттен көп бұзуды құзыретті органның хабарламасында көрсетілген мерзімде жоймаған кезде кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының хабарламасында белгіленген мерзімде толық жойған келісімшарт талаптарының бұзылуы келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

## **20. Келісімшарт тілі**

57. Келісімшарттың мәтіні тараптардың әрқайсысы үшін \_\_\_\_\_ данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және барлық даналары бірдей болады.

Келісімшарт тараптарының келісуіне сәйкес,

келісімшарт мәтіні өзгетіліне аударылуы мүмкін.

58. Мәтіннің нұсқалары арасында келісімшарттың мағынасы мен талдануын анықтау барысындағы келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда \_\_\_\_\_ (тілі көрсетілсін) нұсқасы басым күшке ие болады.

59. Тараптар қазақ және (немесе) орыс тілдерін қатынас тілдері ретінде қолданылатындығына уағдаласады.

## 21. Қосымша ережелер

60. Осы келісімшартты іске асыруға байланысты талап етілетін барлық хабарламалар мен құжаттар оларды алу фактісі бойынша осы келісімшарт бойынша тараптардың әрқайсысына тиісті түрде ұсынылған және жеткізілген деп есептеледі.

61. Хабарламалар мен құжаттар тікелей тараптардың қолына тапсырылады немесе пошта, тапсырыс авиапоштасы, факс бойынша жіберіледі.

62. Осы келісімшарт бойынша пошталық мекенжай өзгерген кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа 7 күннің ішінде жазбаша хабарлама ұсынуға міндетті.

63. Келісімшартқа барлық қосымшалар оның құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Қосымшалардың және келісімшарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да бір айырмашылық болған кезде, келісімшарттың ережелері басым күшке ие болады.

64. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісімімен ресімделеді. Мұндай келісім келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органында міндетті тіркеуге жатады. Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар олардың тіркелген сәтінен бастап күшіне енген деп танылады.

65. Осы келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Заңда айқындалған мағынаға ие.

66. Осы келісімшартты қ. ж. (күн) (ай) (Қазақстан Республикасы) Тараптардың уәкілетті өкілдері жасасты.

67. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары:

Барлаумен немесе өндірумен  
байланысты емес жерасты  
құрылыстарын салуға және (немесе)  
пайдалануға арналған модельдік

келісімшартқа  
1 қосымша

Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты  
құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған  
модельдік келісімшарттың жұмыс бағдарламасы

(жерқойнауын пайдалану объектісі көрсетіледі)

№	Жұмыстары	Өлшем бірлігі	Барлығы	1-жыл	2-жыл	3-жыл
1	Инвестициялар, барлығы	мың теңге				
2	Күрделі шығындар, барлығы	мың теңге				
3	Оның ішінде: ғимарат, құрылыстар	мың теңге				
4	жайластыру, реконструкциялау	мың теңге				
5	машиналар, құрал-жабдықтар	мың теңге				
6	Көлік құралдары	мың теңге				
7	Өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға	мың теңге				
8	Тазалау құрылғыларына/ қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар	мың теңге				
9	шығындары, барлығы	мың теңге				
10	Қоймалау (көму) көлемі	мың текше м/мың теңге				
11	Өзге де пайдалану шығыстары (негізгі баптарды ашып көрсете отырып)	мың теңге				
12	Тәуекелдерді сақтандыру, барлығы	мың теңге				